



**Кенжебеков Нұрәлі,
№ 11 орта мектебінің 8 сынып оқушысы**

Тарихшылар әлі күнге дейін жер бетінде алғашқы қала қайда, қашан пайда болды деп таласады. Сірә, бұл маңызды емес шығар. Ең бастысы, қалалар адам, халық және өркениет тарихының ең шиеленісті, шаттықты және опықты оқиғалары өткен жерлерде пайда болды және бола береді. Алайда өткеннің, бүгіннің және болашақтың «түйін» түйген жерлерінде айрықша оқшауланып астаналар тұр. Оларға әр халықтың кеңістік пен уақыт арқылы өзінің даму жолында жасаған ең басты жетістіктерін әйгілеп көрсету абыройы бұйырды. Дәуірдің табы мен мәнері екі-үш айшықты сызбамен бейнелене береді.

Астананы құру – ұлттық тарихтың жаңа мәтінін жазу. Мұндай мәртебе әр ұрпақтың маңдайына бұйыра бермеген. Екі мың жылдықтың тоғысында біз шешім қабылдап, Еуразияның жүрегінде іс жүзінде жаңа астана құрдық.

Шағын да әсем қала бүгін ұйқысынан тез-ақ оянды. Ерте оянды. Таң шапағы шаттығын енді ғана шашыратып, шығыстан көмескі көрінген аппақ сәуле сәлден кейін ғана, бірте-бірте айқындалмақшы. Адамдардың жұлдызы жанып, бақытқа кенелетіні сияқты, қалалардың да өз өмірі болады. Қалалар өледі, қайта жасарады, қартаяды немесе даңқы мәңгі өшпейтін жұлдызды қалаға айналады.

Әңгіме мен жайында. Мен – Ақмоламын. Қаламын. Ертiс жағалауында орналасқанмын. Қала болып 1831 жылы құрылдым. 1961 жылға дейін Ақмола қаласы болып аталдым. Кең – дария, ұшар шеті көз жетсе көкжиектен ұштасқан менің Қазақстан атты елімнің бір қойнауында ғана орналасқан қаламын. 1961 жылдан бастап Целиноград атандық әр дәуірдің өз тарихы бар. Менде бірнеше ұлттың өкілі ынтымақтасып өмір сүрді. Кеңестер Одағындағы ортақ тіліміз орыс тілі болатын. Целиноград. Тың және тыңайған жерді нығайту кезеңін де қуана қабылдады. Ұлт достығы салтанат құрды. Қазір де солай.

[Введите текст]

1998 жылғы 6 мамырдағы Қ.Р.Президентінің жарлығымен Ақмола қаласының атауы Астана болып өзгертілді. Бұл күн – менің жұлдызым жарқырап, менің жеріме Қыдыр бабамның көзі түскен күн.

1997 жылғы 20 қазанда Қ.Р.Президентінің жарлығымен Целиноград қаласы Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды. Бұл күн жұлдызы жариялаған тәуелсіз, өркениетті қазақ елінің жаңа алтын әріппен 4-ші астанасының тарихқа жазылуы. Жас Дос! Сізбен бірге тарихқа шегініс жасап көрелік.

Қазақстанның тұңғыш астанасы 1920 жылдан бастап Орынбор қаласы болды.

1925 жылы Қазақстанның астанасы Қызылорда қаласына көшірілді. Атақты Түркісіб құрылысы астананы Алматыға көшіртуге басты себеп болды. Бұл дата 1227 жылғы 3-сәуірде, іс жүзінде 1929 жылы жүзеге асырылды. Астана (1998 жылдың 6 мамырына дейін Ақмола) Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 20-қазандағы Жарлығымен және Қазақстан Республикасы Парламентінің мақұлдауымен 1997 жылғы

10-желтоқсаннан бастап Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды. Жаңа елорданың халықаралық тұсаукесуі 1998 жылдың 10 маусымында өткізілді. Осындай тарихтың белестерінен өтіп, тәуелсіздікке ие болған азат еліміздің Астанасы ұлт мақтанышы. Қойнауы небір байлыққа тұнған Қазақстан атты ұлан байтақ жердің бетке ұстар айбыны Астана қаласы күннен күнге жайнап, дамып, көркейіп келеді. Оның болашағы зор екендігін үмітіміз мол.

«Армансыз адам – қанатсыз құс» демекші алға қойған барлық мақсатымызға жетер күн жақындап қалды. Тәуелсіз еліміздің көк байрағы желбіреп, Астана қаласы гүлдене берсін!